

12015

288

Рахат ҚОСБАРМАҚ

АДЫГЕЯ



Рахат ҚОСБАРМАҚ

АТТАР





Рахат ҚОСБАРМАҚ

Алғырұп



Өлеңдер



Алматы 2011

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

Қ 67

Қ 67 Қосбармақ Р.

Атажүрт – Алматы; Информ-А,
2011 – 456 бет

ISBN 9965-569-63-0

Серіз жасында балғын жырлардан басталған онегре құштарлық жетелеп, оның жылдай уақыттан бері әдебиет әлемінде қалам тербеп келе жаткан ақын, журналист Рахат Қосбармақтың бұл кітabyна негізінен ел мен жер, замана тынысын танытатын шығармалары, сондай-ақ жастыққа тән жалын-жігерді аныраттатын маҳабат, жастық шак жырлары жинақталған. Осыдан он екі жыл бұрын «Жаздың ең соңғы күні» атты тұнғыш жыр жинағы жарық көрген Рахат Қосбармак біраз уақыттан бері журналистика мен проза саласына ауысып, олар елкесінде көптен бері көрінбей кеткен болатын. «Атажүрт» - ақынның олесүйер қауымға ұсынып отырған екінші кітабы.

Кітап негізінен екі бөлімнен тұрады. «Атажүрт» деп аталағын бірінші болімге қаламгердің есейіп, сака жігіт болған кездегі (1996-2011 жж.), соңғы он бес жылдың бедеріндегі жырлары топтастырылса, «Жастық шак құнделігі» атты екінші бөлімге ақынның алдынғы жыр жинағына енбей қалған, бозбала шактагы (1986-1996 жж.) олендері енгізілген.

Кітаптың тілі шүрайлы, мазмұны терен, жырсүйер қауымға берер рухани ләззаты мол.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-569-63-0

© Р.Қосбармак., 2011
© Информ-А., 2011

АЛҒЫСӨЗ

Aтажүрт...

Бұл – ширек ғасырдай уақытын әдебиет жолында жұмсап келе жатқан белгілі қаламгер Рахат Қосбармақтың тек қана бір кітабының аты емес, барша шығармашылығының басты тақырыбы.

Олай болар реті де бар. Ол ұланғайыр Үстірт жағының кенет қазан жиегіне жатқан қаймақтай қырпыш-қырпыш сары кемік қырандарға ұласар тұсындағы «Сарға» дейтін ежелгі құдықтың маңында дүниеге келіпті.

Ол төңіректе көкке қарасаң – бір қалпынан танбай, шалжия көсіліп жатқан көлгір аспанды, жерге қарасаң – өрмекшінің торындан ию-қиу бытысып жатқан құмілжі, көне іздерді көресің. Кез келген сүрлеуге тұсіп кетсең, келесі бір белеңнің астындағы қора мен құдыққа ғана емес, шаршы әлемге аты мәлім шаһарлар мен қия қырырдағы бөгде елдерден барып бір-ақ шығасың.

Сарғаның көк желкесіндегі сар қырпыштан асып түскесін-ақ, әуелі құмайттанып, сосын шоқалақтанып, одан әрі бүйрattанып жалғаса беретін құм алабында

бағзы Шам шаһарын еске салып тұратында жүмбақ естілетін «Сам» деген көне қоныс бар. Тіпті ол көне шежірелерде «Сам» емес, «Шам» деп жазылған. Талайлар бұйдасын сілкіп, көшін доғарған, тізгінін тежеп, атын суарған. Олардың арасында сәлделері көк тіреген азиялықтар да, қалпақтары қақырайған еуропалықтар да аз болмаған. Ол мандағы бекесін құм басқан шағырлар мен бұталар бірін-бірі тақырға отырғызатын ұрлық-қарлықты да, бір-бірінің ізін аңдысқан ашу-араздықты да, бірінің басын бірі домалатып көтетін қанқұйлы қатыгездікті де талай көрген. Мәселен, атышулы Едіге бір кезде Тоқтамыстан ат қүйрығын үзісіп, Самарқанға осы арадан қашқан, Үргеніштегі билікке таласып, дәл осы арада бәсекелесімен қан қасап шайқасқан.

Самнан өтіп, қайтадан қатқылға түсіп, Сары Арқаға бет алсаң, бірер көшіп, ирленедеп ақкан Електің шырматылған жүлгелеріне жетпей кідіресің. Кей жерінде кіндіктен асып, кей жерінде тізеге жетпей жатқан тарам супарды көріп, тағы да аңырасың.

Елек... Атағы жер жарған Аттиланың, қазіргі біздерше айтсақ, Еділ батырдың үлкен ұлы. Ту көтерген тұла бойы тұңғышы. Осы арада Алтай асып келген хундар сахараның көшпендейлері Орал тауы сілемдерінің аңшыларымен араласып, гүнге айналған. Римді дірілдетіп, Қatalauынды қалтыратқан жойқын қосындар ең өуелі осы арада бас құраған.

Сол Електің бір иініне таман айдалада іргесі түрліген оқшау отаудай қоқырайып көне күмбез тұр. Асан қайғының баласы Абат. Дүркіреген ногайлы заманы...

Ол дәуреннің ышқына алған ақтық деміндегі айтулы оқиғалар Рахат тұған Сырғаның тап іргесінде өткен. Орманбет хан өліп, он сан ногай аңырап, құла түзден босып келген құландаі қыық көз қалмақтың алдына

түскен қараң заманды еске түсіріп, Тұяқбай ұлы Манашы өлтірілетін Ащыағардың сайы да, немересінен айрылып, шашын жұлып зарлаған Күйкен әженің шыңнан ұшып өлеңтін Арап тәбе жоталары да Сырғадан таяқ тастам жерлерде тұр.

«Машайық жатқан Маңғыстау» атандырып жүрген Ман әулиеге тиесілі тесікті тау мен моланың біреуі де сол арадан аттының қонбай, түйешінің бірер қонып жете алатын жерінде.

Рахаттың сай-сүйегін сырқырататын Мұңалжардың күйген бауырдай киелі жоталары да құншығыс теріскей бетте, құрық созым қашықтықта.

Рахат туған Сырға пірлердің соңы Ер Бекеттің тауды қашап, тасты матап орнатқан төрт құтханасының ортасында орналасқан.

Қысқасы, ол арада туған ақын көкірек адамның көзіне атамекен, көніліне атажұрт алдымен оралып, ерекше елжіремеуі еш мүмкін емес.

Оның көзін қыдықтаған Жердің өзі тарих болымдайды.

Оның құлағын қыдықтаған Желдің өзі тарих болызындейды.

Содан ба екен, Маңғыстау топырағынан шыққан ақындардың ар жағы Сыпыра жырау мен Абылдан бастап, бер жағы кешегі Сәттіғұл мен Тұмен, бүгінгі жас ақындарға дейін – бәрінде бір ежелгі сарын, ерекше құніреніс бар.

Ол Рахатта да анық сезіледі. Оның ақындық шанағы да асқақтатып ән шырқатып, желкілдетіп тіл безетпей, көкірегінді күбірткедей солқылдатып, мұңлы күй шалғызатын көйгөй домбыраға көбірек келіңкірейді екен. Желпінтпейді, ойландырады. Құлшынтыпайды, толғандырады.

Өйткені, «Маңғыстау сонадайдан тозаңытқан, жүрегін

талай ердің қобалжытқан» деп Өскінбай айтқандай, талай өткелектен өтіп, талай тауқыметті көріп келе жатқан атамекендегі ата жүрттың көз алдынан сағым, көкірегінен уәйім оңай серпіліп, оңай сейіле қоймасы түсінікті.

Бағзыдан бері көзбаушының базарға салған байталаңының құйрығындағы қырыққұбылып тұрған құйқылжым арихтан талай аузы құйғен Маңғыстаудың құйзелісті шежіресін зерделей билетін зерек ойдың күнірентпей тіл қатуы еш мүмкін емес.

Рахаттың да өзі нәр еміп, сыр тартқан өлкеге ұқсан, салмақты ойланып, салиқалы толғанатын сабырлы шабытына ұзақ ғұмыр, кең өріс тілейміз.

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ,
Қазақстанның халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлышқытың
лауреаты.

*2006 жыл, мамыр,
Астана қаласы.*



АТАЖҮРТ

(1996 – 2011)



АТАЖҮРТ

Еү, Манқыстау, Манқыстау!
Жапандағы жолғыз тау.
Балдарың шықпай басыңа,
Басқалар бұрын барғыш тау.
Алғаның сенің алғыс па-ау,
Арқалаганың қарғыс па-ау?!
Алға жіберіп өзгені,
Артында жүртттың қалғыш тау.
Сен екеумізге үнемі
Сезімге толып жүргегі,
Нағыз керек бол жүр еді
Намыссымызды шарға ұстау.

Басқалар сені «төбे» дәп,
Басыңа сиді төбелеп.
Бағының болса болғаны,
Басқаға өзге не керек?!
Же з қанат тұлпар жебелеп,
Жекенді сұды қебелеп,
Жел құған сыйнды ебелек,
Мекенін қимауды айналған
Мен де – бір жынды қебелек.

Сен екеуміз – егізбіз,
Сен көшірген менізбіз.
Сексен құн баптап бақса да,
Семірмейтін өгізбіз.
Қабылан-мінең алғыптың,
Қатепті жүгін қалықтың
Қабағың шықпай тартастың,
Қара нар зілін артатастың
Миы айналған мынау заманда

Мықшыңдағ тартағ әманда
Бір өгіз керек жүртүніңа,
Жүгінді сүйрер жүлкүніңа.

Сұрапыл сондаң күші жок,
Сормандаң елмен ісі жок,
Өтіздің күші түгілі,
Өлген бурадаң сұсы жок,
Өншең бір азғын, әйлеңкес,
Өлімтіктер жайланаң,
Қаралғымдаң қайнаған
Қайран сенің бүігің!
Қайнатып көніл күйігің,
Кімдердің кір табанының
Астыңда қалды десенші!
Ай нұрынан қорыған,
Аппақ сүтке жорыған
Жарық дүниеде жалғызыым,
Тоңыңды қалаң жібітем,
Толмаған орны есеп ше?!

Жан аяғы жетпеген,
Жасанды гүлің еклеген,
Жаралған берік сауыттың
Жау қылышы сөклеген,
Жалғыз бүгім сен едің –
Жаратқан берген ырысы әлі кемпеген.
Сені де бүгін семінешіл,
Тектілерінді тентіреміл,
Отман тауың ойсырап,
Ормандаң жүртүң қансырап,
Жаттың қолы жағанды,
Жақсыңды асып бағанға,
Жалыныңды өшіріп,

Жалқы үмітін кесіліп,
Жалынуға мұрға келтірмей,
Жаулықсыз қалған кемпірдең,
Айдаң әкеп аранға,
Жаулап алды-ау табанда.
Ағысқа қарсы жүзетұғын шамам жок,
Онау болмай тұр маған да.

Ең, жапанды жалғыз буйім,
Еңкеймесін іінің.
Ешқашанда ешкімнен
Тұрмасын төмен үйең.
Тұынды өрте құлатсан,
Ту-талақай еліңді
Тұс-тұсына бөлінді
Тұрымтай қылышп җылатаң –
Сен суалсан, суалып,
Сен қуарсан, қуарып,
Жүргегі бірге соғатын,
Тілегі бірге болатын,
Үйең болып сүйеген
Мен кімге барып сүйенем?!

Із кесіп тұтас тұманда,
Ілмиіп келед жылан да.
Көк зенгірді көретін
Бір буйік керек қыранға.
Жыланның тілін сұырапар,
Жын тигендей қуырапар,
Кер заманға сай кеменгер
Керек-ау тәсіл кеү-кеүде
Кеүінгі тұған ұланға.
«Қиямет күні қылқөлір
Құтеді» деүді Құранда.

Құраннан құдірет болып па,
Торықпа, жаңым, торықпа.
Жасынды көзден шығарма,
Жақсылық қүндер түр алда.
«Жалғызбын» деген жасыма,
Жау көрінсе, ұранда.
Ту түбінде тұратын
Тұлғалар керек Тұранға.
Жалғыздың жары – бір Құдаң,
Жар болған саған бір Алла!..

26.II.2002 ж., Aқтая.



ӘМІРЗАЯ

Қайтейін сүм дүниені «жалған» демеі,
«Қаншама мұндықтардан қалған» демеі.
Қаласың сен де бір күн қақсан-қақсан,
Қара жердің астында,
қайран көмей!

Зиратқа зиялы аған бастап барып,
Жатасың жер астында тас қапталып.
Тоýмаған жарық дүниеге жанарынды
Көмеді көр-топырақ тастап халық.

Тұншығып үнің қалар наz ұққандай,
Тыншығып тілін қалар, тозып таңдаи.
Жазылған жазмыштағы бар беýнешін
Жабылар топырақлен жазық маңдаи.

Ұмтылышып білек қалар, батыр білек,
Жүлкүнің әкілесін жүрек қалар ақырғы рет.
Там салып, тастан белгі ел орнатады,
«Тарихқа қалдырымық қой атынды» дегел.

Сен де бір пакыр-пенде өкілі едін,
Желлінің тынасың ғоý, жетімегім.
Тірлікте тірі жанға дес бермеген
Тістеніп басылады көкірегін.

Бағдар бол, болашаққа бал ашқан ба оý?!
Созылышып жатар сосын таласқан боý.
Талқаның таусылған соң бұл фәніде
Қалқаның – қара жер мен көк аспан ғоý.

Есігін екі дүниенің ұстарында,
Алқымнан ажал келіп қысқанында;
Артына қарау-қарау аттанасын,
Аманат-жаның кекке үшқанында.
Бақиға бармайтұғын пендे бар ма,
Аллаға қарсы тұрмас мыстаның да.
«Үйіне» үш буылып түскеннен соң,
Күйіне құле қоймас дүшпанаңың да.

Тірліктен қандыра алмаң құмарынды,
Табасың тар қапастан тұрағынды.
«Қаранғы – барап жерін» дег айтады,
Сондықтан саңлап алғын шырағынды.

«Баңқасаң, бақидың да жау барап» дейді,
«Барғасың, барлық пәле қаулар» дейді.
«Тірлікте жағып өткен шырақтарың
Отың бол о дүниеде лаулар» дейді.

Беу, пендे!
«Тіршілікте тиер» дейді,
«Өлгесін, басыма алтың үйер» дейді.
«Жұмбағың бұз дүниенің шешкен жанға
Жүрт түгіл, жүлдыш базың иер» дейді.

Жүреміз екі күнде бір ерекес қыл,
Бірікпей, ер жеткесін бөлек өстік.
Баршаның баратұғын жері мәлім,
Өмірде сонда не үшін тәбелесстік?!

Айға да ала им болып үріп жүрміз,
Баңға да «баңғұс-аў!» дег құліп жүрміз.
Сүм жалған бес-ақ күндей тірлік болса,
Сонда біз не үшін өмір сүріп жүрміз?!

Сананғды шабактаса саўтандай мүн,
Аз болмас адамзатқа айтар қайғын.
Алланың алдына бір барып қайтып,
Аўтпасам, қазір мен де аўта алмаімын.

Басыннан керуен құрап құз көшкенше,
Дүниес мың түрленер біз де өшкенше.
Еү, пендे!
Сен көргенді мен де көрем,
Ендеши «ана жақта» жүздескенше!

22.IX.2003 ж., Akmay.



ЖҰЛДЫЗ-ЖҰМЫР

Айыра алмай асылтас жүзікті Айдан,
Кеңде ұқсатам тобыққа мүжіп қойған.
Мекеніне орныққан мың сан жұлдыз –
Менін картам секілді сыйып қойған.

Несібеден демессің бұлар кенде,
Негайбылдау бір қымән тұрар менде.
Жын жаілаған кеудеге жылдырлатып
Жұлдыздарды тағуға құмар пенде...

...Үмітіне көз тігіп Үр-қызы атты,
Қылаң-көніл қиялын қырға ұзаотты.
Тұн көзінен мөлт еткен тамшылдау бол
Түү бүіктен зынырап жұлдыз ақты.

Ай-бейшара Аспанға асылады,
Құн-құдірет көрінуге асығады.
Ұызы-тірлік үйіған быт-шыт болып,
Шартарапқа шапактар шашырады.

Тұн бауырын сөгілтіп төсеп тұрған,
Көзі түскен қыырды көшет қылған
Құн шуағы құлімдел есед қырдан.
Ііні түсіп, иегін қағады әлсіз
Ертеңінен емексіп «Есекқырған».

Қарандылық қабатын асаң түсіп,
Қанат жайып таң келед масайтысып.
Шоғы әлсіз жылтырап Шолпан-жұлдыз,
Қою тұнмен барады қош айттысып.

Кызыл араң жүгіріп Ұала демде,
Қынаңдау тұс тамырдау тарады елге.

«Құс жолының» салбырап қанаттары,
Құлап жатыр сәулесі кара Жерге.

Сән бола ма түрғанда түсін қашып!?
Сәруар-тан сәүлемі мысын басып;
«Ақбоз-Көкбозды» айналған «Жетіқаралышы»
«Темірқазыққа» қарады тісін басып.

Тәулік саңын Тәнірі-Тұн ойыншығып,
Тан тақалса, бой мұздап, қоңын сұып;
Үдіреңіп «Үркөр» түр анау шемте,
Үнсіз ғана тағдырға мойынсұнып.

Кім көнбейді тағдырдың әміріне,
Өлшем айтқан қайсын бар әміріне?!
Жүлдымың болып жұттылып кептегенге
Тәубе қылды бір беүбак Тәніріне...

Қысқа болып қызыуы оты қүшті,
Бұла қайрат бұза алмаң бекіністі;
Жүлдымыңдардың ғұмырын дәл осылаң
Жүтәттыны Ажалдың өкінішті...

27.II.2002 ж., Ақтау.



АТЫ ЖОҚ ӨЛЕҢ

«Барлық жүлдөз бір күнде сөніп,
Барлық арман бір күнде өліп;
Дүниені қаранғызық құрсап,
Каран қалды» дег ойлашы бір сәт.
Сонда сен қайтер едің, Пенде?!

04.III.2002 ж., Ақтау.



«ШАБЫЛТАН» КЕҮІНГІ ШАМЫРҚАНУ НЕМЕСЕ АСТАНАНЫҢ АҚЫНДАРЫ

«Талантты өлтірудің ең оңай жолы бар:
елемей қойсан, жетіп жатыр».
(авторының ұмыттым)

Ұлы ақындар үсактамаң өлеңді,
Қанында өжет қайсарлық бар, себебі.
Кеүде менің бар қызықтан бағ кешіп,
Кең дүниені кезіп кеткім келеді.

Дәрүіштік өмір қандаң ғажаңын!
Диуаналар жаңлы өлең жазаңын.
Таза бұлак сұын ішкен тарландар
Онсыз-дағы бара жатыр азаңын.

Аламанның бәйгесінә ағыла
Қүренімді қосып көрдім тағы да.
Мен Мендерекеш бола алмағым, амал не,
Есенғали ертпең көтті шаңына.

Тере тұмар,
төмен санаң өзін кім?!
Түндер бойы төңбекшүмен көз ілдім.
Мейіржанның ішкен уын татқан соң,
Хағыз жағған қайғы дәмін сезіндім...

...Кіндік қалам, кілең керуен тоқталған,
Есігінді қаклаң кіріп, кеп қалғам.
«Алматыдан алған үлгі-өнеге
Астанадан көрсем екен» дөп барғам.

Бекер екен,
Биігінде тақ төрдің

Басында айыр қалпағы бар «бак» көрдім.
«Тұғаны жоқ тұра би ме» дег қалып,
«Иманы жоқ тұғанды биге» тап болдым.

Алыс жүрсөн, біле алмайсың анығын:
Бүл қазактың нәмелтайді кім, нәні кім?!
«Астананың ақындары» дегенді
Маскаларын шешкен кеңде таныдым.

Туа салып, өліп жатыр Бекерге Ой,
Сеziмдерін тұншықтырып секемді ой;
Дегдарлық пен Тектіліктің барлығын
Кенсаң жаққа көміл кеткен екен ғой.

Баяғының шалдағындаң бағалар
Қайда қазір санылауы бар санарап?!
Алматыға ар-ұятынды қалдырып,
Астанаға неге келдің, ағалар?!

Тентіремің нағарын да нар ұлдың,
Өлтіремің даусын барлық дарынның,
Шілтіремің өртін асау жалынның,
Көшіремің көктемің бар бағынның;
Астананың ақындарын көрген соң,
Ауылымның қатындарын сағындым.

Ой, тәйір-аң!
Осы ма еді бас қалан,
Осы ма еді мактап жүрген Астанан?!

Одан-дағы Отман тауым мың артық
Киелі ұшың кірлі аяқ баспаған.

Осы нені ойлаңды екен Елбасы?!

Болмысына кең жіберсе болмашы:

«Астана» деге аймадар тағыып жүргенің –
(Адамнан ба, заманнан ба – білмедім),

Толтырса да қазынаның тоннасы,
Көзі тоімаң, өзі тоімас дорбасы,
Аннан қашқан-мыннан қашқан кіл құдын,
Қырық ру құрандының ордасы.

Жүз күн сүтпен жуса, зорға ағарар
Қүнәһардың көнілін кім таба алар?!
Адаі болып туғанымнан көрмесем,
Кімнен көрем, кінә таққыш ағалар?!

Бағынды белгілеүтін бес күнде
Қайран қалам кіл кеменгер кеспірге.
Жеркүрт болмыс-бітімінмен, жан аға,
Жек көрсем де, қимаймын мен ешкімге!

Түбі шірік, басы биік мұнара
Кімнің үстіне құларын да сұрама.
Сен осынау ұсак, қиқым қалпынмен
Сексен достан қымбатсың ғоң, Ұлы-Аға!

Көніл – арсыз, көпті сүймей тұра ма,
«Қолдан келсе, қоныштан бас» қыл, аға!
Құшағынның босауын бір күтейік,
Қу нәпсінің құлы болған Нұр-Аға!

Бұртаң қағып, ренжімен бұған тұқ,
Қайтем босқа жүргегіме жүк артып?!

Астанада жүлік болып жүргенше,
Монқыстауда жәй жатқаным мың артық!

26.XI.2003 ж., Ақтау.

ҚҰЗГІ ЭЛЕГІЯ

Бір-бірінен аумақтың сұрғылт күндер,
Жүргімнен жүлқынған жыр күттіңдер.
Іші түтін болғанмен, сырты бүтін,
Іркес-тіркес керуенді ілбіттіңдер.

Көксегені көнілдің – Көктем едің,
Белгісіз бір биікке беттеп едім.
Орманымды тонайтың болғасын ба,
Осы неге Құзді мен жек көремін?!

Сұрғылт күндер,
Суықсың насткен, жаным?!
Арымы ғой азапты шеккен жаным.
Басқа біреу түгендең жүргендең мә
Бабалардың бағы төккен қанын?!

Меңгіл жасың ойнатып дер шағына,
Менің әлсіз жүргім шаршады ма?!

Көрден қолың соған кіл өлі әруақтаң
Көп сұрақтың қамалдым коршауына...

Оның несін, қарағым, тізбеледің?!

Көніл сырың көзіннен жүз көремін.
Көленкеге иірген бар дүниені
Көнілсіздік елесі – Құз дегенің.

«Жаратылыс-тануың» – жансыз ғылым,
Жасырмақшы болды адам әлсіздігін.
Бұлтқа басып бетіңді жылап алғын,
Бұл дүниенің есіңе ап мәнсіздігін.

Шырақпыз ғой –
Шың жайлап, дөңге қыстаң,

Пеүіштің де пердесін көрген ұстап.
Табиғаттың тап-таза шараңнасын
Кімдер екен кірлемекен қолмен ұстап?!

Бұл сұрақтың жауабын біз берен сіз
Ұақыттың үнінен іздегенсіз.
Болмай қайтсін Құз бауғұс көнілсіздеу –
Еңесінен езгесін мұз берен сыйз?!

...Жә-жә, жетер!
Әніме оралайын,
Фәни-тірлік бағын да араладайын.
Жан-жағымнан Жалғыздық қамалауды,
Жапандарғы жабырқау моладаудын.

Өлеңменен жуа сап өлі көзді,
Қиялменен қу көніл нені көзді?!
Есігімді ашып ем...
Сүрғылт Бояу
Сүйремілін сүлбасы төріме озмы.

Жаба салдыым есікті жанталасып,
Қабырғаға қарауытқан арқа басып.
Көнілсіздік көшіне ілескендеў
Жарық біткен жалп етті қорқа қашып.

Перғауынның кәрінен қорықлаған
Перілердің қасиеті қонып маған;
Тереңемді ашып ем...
Сүрғылт Аспан
Қурен Құз бол түр екен төніп маған.

Сезім – Тәнір,
Жүрмейді жырға Ғылым,

Қыртығандағар егеді қырға гүлін.
Қараңғылдық көбесін қакыратқан
Сонда білдім, дүние-аң, Құн қадірін!

Аспаныңнан ақ жүлдымыз мол құласын,
Faзыз жанды несіне қор қыласын?!
Құздемен қашып жүргенше бағыдан,
Құнғе ғашық болсамшы, сорлы басым!..

27.XI.2003 ж., Ақтаяу.



ТІРЛІК ТУРАЛЫ ПӘЛСАЛА

Қу тірліктен қанжілік бол қажыым,
Салатұғын әнімнің де сазы – мұн.
Қара терек қайғы болды қазыым,
Уменен тен үаіым бол азығым.

Ойлап тұрсан, осы дүние – тор екен,
Заманынан озып түу – сор екен.
Таланына жазылмаған нәрсені
«Тағдырынан тартып алам» деген жүрген
Пенденің де пейілі тым зор екен.
Өмір деген – өлшеуі жоқ нәлсі мен
Иманынмен иткізбейтін қу арман,
Жер түбінде жеткізбейтін қу арман,
Шерге толы шет-шегі жоқ жол екен.
Адам деген – арман қуған айкеzбе,
Жарық дүниеде жаратылыстың қоры екен.
Өлім деген – тәуір қиял, тәтті у,
Өлшемі жоқ сол арманның соңы екен.
Мейірімсіз мынау әнгі әлемде
Менің ешбір тоіланбастай мерекем;
«Көрдім» десем, көрешегім көп екен,
«Болдым» десем, боркемік те, бор екем.
Қолда барды қалаң ғана кор етем?!

Беу, дүние,
бес күндік бол берекем;
Ешкімге де керексіз бол қалғаннан
Ауыр азап жоқ екен!..

...Қой, мен сабыр етейін –
Мұн-зарымды мұндар-дүние үкқанша,
Әбілетті Әділет көп жыққанша.

Күншығыстан таңым күліп атқанша,
Көкжиеңен күнім қайта шыққанша...

...Бұл дүниеде болып жатыр жұт қанша,
Сүм-жанарлар сұлулыққа сүктанса –
Күріп кету қаупінен бұл Әлемді
Күтқара алар тек Адалдық күтқарса!..

06.XII.2005ж., Ақтая.



АЗАМАТ

Ибрагим Жақсымбетовеке

«Бұл қазақта жігіттер бар нарқасқа...»

(Төлеғен Айбергенов)

Астамсынған көнілімен

адам-пенде аспанды да төз көрген,

Алла берген «Ал, шүкір!» мен қанағатқа

тояттамас кең-кеңген.

Ақиқаттың ақыр түбі

шың басына шығатының сөзгенмен,

Өткен күнін өлшеместен Үақыт атты беҙбенмен;

Алтын шыққан жерді кейде

Қоры сарқылса, қолындағы жең көрген,

Еніреген ерлерімді елін сатқан ең көрген.

Қасиетсіз ондауладың қабырғасын

қакыраттар – қара орманды сөккендең,

Халық бүған төзге алмаиды –

алып бүған төзгенмен.

Аллататала «жайнасын» дәп жарқыраттып

мандаінына көз берген,

«Сайрасын» дәп сарқыраттып

мандаінына сөз берген

Талау тарлан тақтақ өтті опасы жоқ дүниеден,

Одан бірақ ештеңе жоқ өзгерген.

Өмір-керуен токтамайды, ең жөнімен көшеді,

Мағынасыз бұл жалғанда

мандаінынның соры баплан – бес елі.

Біздің жақта білгіш шалдар

бүгіннен-ақ ертең қамын жеседі,

Екі-ак ауыз сөзіменен
ердің құнын, елдің мұндын шешеді.
Үйде отырып үлкендігін сөздіріп,
Шалқактаған талаңлардың
шаруасын тоғ қылып,
Таһит жеген тасмаңдаудай
тағдырынаң бе兹діріп,
Кердемдеген кемақылды
кең әлалаңда-ак кесапатқа кең қылып,
Билік пенен биіктегі мықтымсынған талаңға
Тырп еткізбей тыныым салып, үнсіз үкім кеседі.
Сол шалмдардың айтуынша,
Соры басым дүниеде
«Артында тек жақсы ісі қалған жандар – мәңгілік,
Ал қалғаны – босқа кеткен,
боғдан өткен боғ-дәүрен ғой» деседі.

Бұл тұрғында бұла-дүниеде
өмірге өклен жок шығар,
Алдасланғы шарға салсан,
айналға үшкын шашып, от шығар.
Сенің сондай
жарық дүниеде жакқан отынча жылышын,
Жанын соғған жарым-көніл
мұндықтар да көп шығар.
Орыннымен жасалмаған жақсылық –
Айдалаға соқыр мерген атқан ол да оқ шығар.
Көр-дүниеде – көп жігіттің көкірек көзі бітелген,
Ата-анадан асыл парыз дарып, адап сүт емген
Азаматтың бойындағы ададыққа
басын иген бағалап,
Адам түгіл, Алатаяұбын шынына өскен
ару-мұсін ак шынар.

Өмір солай –
Өскендердің түрін көрдік
жүргіттың нанын жиі асан,
Өзгелердің өгіздерін жегіп қойып, өзінікін қоя сап.
Сен солардың шылжғырып кеп бетке басып
шындағы мен үяттың,
Қашан көрсем, қазағымның оздырам дәп жиі аттың;
Шаршау білмең, шапқылаумен жүресің тек,
шаруанды жия сап –
Корланған мен тоналғанның
жасын сұртіп көзінің,
Тарыққан мен зарыққанның терең үфып сезімін,
Қолындағы бар нәрінді
Күдәй жолы садақадаң құя сап,
Мейірімнің мәлті тамған кеудене
Қайырымның қарлығашы үя сап.

Бұл қазакта бай-бағлан көп –
сүм дүниеге тоімайтын,
Бар нәрсенің өлшемін тек баспен емес,
қарынымен ойлаіттын.

Сен солардың күнәларын
жуып-шаңып жүргендеісің кең кеңде,
Ілкі ісінмен –
ізгіліктен ештенені артық, биік қоймайтын.
Баидан – банды, барымташы біткеннен –
Батыр жасау дағдыларын даңғаузалап жоймайтын,
Басқа ешкімнің ештенесі кетпейді, рас,
Бұл ғадемін қоймаса,
Түбіндеге тек біздің халық сорлаіттын!

Атадан алтау тұғанменен, азаматы бір бөлек,
Айғырдан асау тұғанменен, қазанаты бір бөлек.
Арланнан алтау тұғанменен, абаданы бір бөлек,
Ақкудан асыл тұғанменен, ақ-адалы бір бөлек.
Жақсыларды жағалаушы көп болады,
жан-жағынан қаумалап,
Жабығынан сыйалап, жабуынан іргелеп.
Жапырағың жаңылғанда жүргенімен бұл манда,
Жалт береді күні ертең – басына күн тұғанда.
Қазақың ғої, қайтейік –
бетке күліп, жылмандаоп,
Былаң шыға бергенде күнкілдесіп, күндеремек.

Сілкіп таста сіркеңді,
жұлқып таста құркеңді –
Қарал тұрсан, қара нардаң ағам-ау,
Қасында ылғы қамқорсыған
қалың бит пен бүрге көп.

Ашық күнде, Аға, саған айтып соны қояйын –
Абылаға ақыл айтқан Бұхар сынды
арғымады бастырмалап, мінбелеп,
Атың озып, әрүағың асып, түрганында тілге кеп...

24.II.2006 ж., Ақтау.



БІЗДІҢ АУЫЛДЫҢ ШАЛДАРЫ

«Біздің ауылдың шалдары –
Шетінен текті, шешен кіл.
Кім сенеді
«Алдары –
Ақиқат сомы» десем бір?!

Біздің ауылдың шалдары
Жағалаудың жалтақ бол алған.
Бас иесі жоқ балдары
Бағытсыз азып, тоналған.

Кешегі кемен-герлердің
Сарқыты да жоқ, сарқылған.
Еңесең басып ерлердің
Арсыз қатындар артылған.

Отманға көміп жатырмыз
Озық ойларды отандық.
Ойран қып бүгін отырмыз,
Отанды қара қотан қып.

Жағымдағы қытансаң жан салмаң,
Жатқа билеттің жүрттымбы.
Қайғысыз құнді қарсы алмаң,
Қанға толтырдың үрттымбы.

Түсініктерің неге өлді,
Түскен бір жандай талқы іске?!

Шалдарым,
Саған не болды,
Шамасатындаң талтүстө?!

Көсемдер шықты к...і бок,
Көкте де, жерде тұмаған.
Ұаһаби, жаһил сопы бол,
Ұрпақ санасын ұлаған.

Делқұлды қылышп җібермек
Дені саулағра ұсаған.
Шілжаналарда шімдерлеп,
Тұлпар-оýларды тұсаған.

Ел қамын жеген Едіге
Бола қалыпты, боў-боў-боў!
Аðасқан аңқау еліне
Айтатындары – гөў-гөў-гөў!

«Отпан» дед жүрген Отанды
Ордалы жылан жайлаған.
Ата жау қылды атанды,
Сенетін жан жоқ – айналаң.

Зомбилар қаптап жүртыхының
Зорлықлен таптап үлтыхының;
Көмөді құлғе құлқінды,
Бөлеңді жынға тұрқының.

Қиратып иман-мұлқінды,
Шыбынатаңы шырқының.
Құбыладан бұрып құлқының,
Сұмдыққа бастар тұр-тұрлі.

Тондарын төріс кигізген,
Топ бастағанының топырақ қып.
Арқарларының бас иғізген,
Абызұмдарының ақымақ қып.

Күніренген елді мәніремін,
Күтесін қандаң жақсылық?!
Ержекендерді еніремін,
Зікір салдырған бақсы ғыл.

Төбелесумен тұн-күніді,
Төбенін таң да атыпты-ау.
Көрмestен кеткен бұл күніді,
Төлесін шалдар бакытты-ау!

Бұл нағыл жатыр – тірі болса,
Бөлшектелмеген бүтіндең?!
Бекемтің бары шын болса,
Бетіне нағыл түкірмей?!

Көтеріп жүрген соларды
Көрінде өкіргір ел екен!
Шалдарым нәткен шыдамды,
Қара жерім де кең екен!

Шалдарым,
Кілең төзімді,
Шамырқанбайтын шығарсын.
Ертеңгі күні өзінді
Елінен қуса, үғарсын!

Бірлікті әбден жойған соң,
Бір-біріне өтірік ес болар.
Отанмы беріп қойған соң,
О кезде бірақ кеш болар.

Біздің шалдар – кіл батыл ғоү,
Бір-біріне тек тор құрап.

Атөисст,
гурман,
ақылгөй,
Арамсолысынған сорлылар!

Жау кеткеннен соң батырсын,
Шайнаумен өткен бармағын.
Шалқаңып неге жатырсын,
Шалқаңнан түскір шалдарым!?.

02.III.2006 ж., Aқtay.



ӨРКЕНДЕТІК АДАСУЫ

Адам-Ата Сағын – Хауа Аңаның
Ұрлактары,
Үакыттың тап амалын!
Мұндар шайтан,
Мұраттына жеттің бе,
Қабыл орған кезде Абыл тамағын?!
Саңқал молғұн,
сақылдан сен құлғендे,
Жалбарының-үнгө толды жанарым.
Жаратқанның құпияссын іздеумен
Тар Әүніеде тасқа тиді талағыым.
Танымымды тарықаттар талқандап,
Таусылды ақыр айла менен амалым.
Мен түгілі,
Ашық құнде алжылды
Талаң «мықтың» тарс айырып талағын.
Дауыллағыдаң Әнкы Барлар Әғедарды,
Әнкыра қып Әмбәураның шанағын.
Қайыры жоқ қактығысы діндердің
Қанмен жуды қара жердің алабын.
Білсөн, айтшы,
Бір Аллаға бастаўтың
Хақ Исламның жолы қайсы, қарағым?!

Ізгілікті іздеп жүрек, талпынды,
Шанырактан ұшып шығып, шарқ ұрды.
Жарға жықты жанталасқан байғұстры
Жаулат алып жалған ілім-жалқынды.
Мандаңына мәрғып басып табрасын,
Маныраған мал сиякты қалқымды;
Топырлатып торға әкеlei пүсірді,
«Том басатын төмір ғой» дег алтынды.

Алқа-қотан былғақтатып бастарын,
Аузынан ақ көбік шашып, алқынды.
Экстазға кіргізіп ап жанынды,
Эксперимент жасап жатыр сан түрлі.
Дәмемекенім «дәм босынды» қуалап,
Алаяқтың сонына еріп, ант ұрды.
«Алла – біреу.
Апаратын ал оған, –
адастырды: – жолдар көп, – дөп, – әртүрлі».

Кімге сенем?!

Айтшы, сонда кімге мен?!

Қара су да ақлаңды ма жүлгемен?!

Жүйесі бар, киесі бар ел қайда,
Цесі бар мал да ойнамас пірменен!
«Шайқы», бақсы, «шарафратшы» көбеүіп,
Шатыр-шұттыр басталды бір Әүрбелең.
Балактағы битің басқа секіріп,
Аяқтағы көншарық-құл «гүрлеген».
Орны оның босағада емес пе ед,
Орасан да үлдеменен-бүлдемен?!

Қүйек сақал күркесінде күнкілдер,
Құллі жүрттты баурамақ бол жырменен.
Аға болмай,

аңда кіргір арам ит,

Айтшы маган,
Ісматуллан кім деген?!

«Тақсырым» дөп қолын сүйіп, табынып,
Талаудардың таңа көнілі кірлеген.
Қырғынға айдаоп қырғылғырдың жалқын бұл,
Қыртыймасан,

қышидбы ма бірденен?!

Жүпттан шыққан жүпшынды мұләйім
Жүрттына осы «сыбаған» ба сүрлекен?!

«Бір Алланы танытам» деген тантийды
Бүкіл елге бүлік салып жүргендер.
Осы жүрттыхиң обалы да – сендердө,
О дүниеде сұрау болар,
«Бір» дәңдер!

Қайран шалдар!..
Тілек тілеп шаршап ед –
«Алла мені иманыммен алса» деген.
«Дінім – ислам, тегім – түркі, кітабым –
Құран» деген біз жарты әлемге жар сап ек.
Жүргегінмен жүгінетін құбылаға
Осы құнді ондаған жыл аңсал ек.
Амал қанша,
Қанғытты ғоү қауымды
Ахмадия, салағиляр қанша рет.
Ұаһабиши, нұршы, жыршы, қыршы бол,
Аз қазакты адасстырды малша кеп.
Одан қалды, сопысымақ сорлатты,
Оның қасында ойнап қалды «балшабек».
Исламнан беziп кемті көп қазак,
«Иман деген сендер айтқан болса» деген.

Е, қазағым!
Енді нағып отырсың?!

Жалты сенген жанары бар соқырсын.
Жарты миллион қандастарың жамырап,
Жатқа кеткен жартылаң сен – көлірсін.
Әншейінде әнгіме айтқыш батырсын,
Әлгілерге қалаң төзіп жатырсын?!

Дедің бе әлде:
«Дем біткен құн көрермін –
Алла өзі алдына бір шакырсын».
Оған дейін Отаныңды от шалып,



Бесіктегі бейкүнә да шатылсын.
Шындықты айтқан бірен-саран біреулер
Абактыға айдалсын да, атылсын...
...Сол болмай, не болар дейсің ақыры,
Соры қайнаған сен – бір міскін, пакырсын!
Бұдан асқан ақырзаман болмайды –
Ұшпа шынның жиегіне жакынсын.
Заманақыр зарын айтқан ақынның
Запыран-жырын тоң-миына тоқырсын...
...Жалғасы ма?
Жалғасын бұл өлеңнің
Жаның жетсе, о дүниеде оқырсын!..

04.III.2006 ж., Ақтау.



ҚЫРЫҚ БІР ҚҰМАЛАҚ

«Өткенге өкінбе!
Болашақты болжама!»

(Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың ҳадистерінен)

Балгерден де басы айналып, шошымай,
Талаң тағдыры талқан болды босына-аң!
Құмырсқадаң құжынайтың құшнаштың
Қара жүртқа тіккен қара қосына-аң.
«Біссіміллә!
Құмалағым, ақ сөйле!»,
Біздің шалдар бастаушы еді осылай.

Бақсы-балгер басқан кеүде гең-гөңге,
Басы бар жүрт әулиеге сенбей ме?!

Құмалақ та шар тасындаң шашырап,
Құдіреттің тіліндеге әлде сөйлең ме?!

Жиылатың ақ матаны айнала
Кілең бала қызық көріп кең-кеңде.

Баңғұс балгер бағанды еске ап мұралы,
Болашаққа жоба-жоспар құрады.
Сырын бермең, сыйбырласып өзді-өзі,
Ілкі сәмтте іштей үнсіз тынады.
Қырқын шешкен балшыға да қырсығып,
Құлпын шешпей бір құмалақ тұрағы.
Тура жолдан таяр болсан тұра қап,
Қолыңа оңай қона қоймас, сірә, бак.
Онсыз да өзі басы қатқан баңғұстрың
Ойын білмек болсақ кеүде сыналад;
«Құпиясын бүгіп ішке тұр, — дейтін, —
Құдаң атқыр қырық бірінші құмалақ».



Келешекті кең Құмдау тек төрбесін,
Құмалақшы кесіп-піше көрмесін.
Анқау жалық дәрүішті пір тұмар,
Айтқандары айдау анық келгесін.
«Құмалақты, — дейді, — ашуға болмайды
Інір түсіп, күн қызылы семгесін».

...Жалған-дүниe арбаса да жанарын,
Жабатұғын жабырқау мүн қабағын;
Құмалағы түскір де дәл келмей ме,
Тағы бір рет сынайтұғын талабын.
Қара кемпір қубірледі кей-кейде
Қамын ойлат қашықтағы баланың:
«Жемі тақ жерге түспес,
Жерге түссе де, ерге түспес...»

«Жар болып тек Жаббар Џем Жасаған,
Аман болғай алтын елін, босаған!».
Ақ тілектің жолындағы анамыз
«Болсын, — дейтін, — бауырын бүтін, бас аман».
Тәубе қылып, таспивеғын тартатын
Түскен кеүде «Коржын аумас қос аман».

Аўта берсен, жүргегінді жыр төрбер,
Ақиқатты ауыр оймен бүркендер.
«Қос аманың» бас аманды білдірсе,
Екі жақты тарағыдау бір тенгер.
Бір құмалақ қалып қойса артында,
«Сүйіншілең түр!» деуші еді үлкендер.

Құллі жүрттың көнілін кім барап табатын?!
Анам да сол өз әлінше салатын.
Бірдене егер бола қалса, жүгірер
Біздер үшін әулие дең болатын.

«Ашлас әліп» түсө қалса үзімен,
Құмалақты қозғамасстан жабатын.

Адамнан жоқ олабөтен қастасы,
Аллаға аяң, өзіне аяң басқасы.
Таза діннің жүрмегенмен жолында,
Такуалау, жоқ бекерге шашласы.
Арнап бізге ашса, ылғи түсемтін
Айналайын «Бекет атам бес тасы».

Жүргінен жүмбак сырды саумалап,
Жолын ашып кеткен жаннның мал қарал;
Алғы құннен бір жақсылық құтметін –
Алтын артқан керуендең арбалап.
«Құмалақтың басын, – дейді, – ауыртпан!»,
Қойта-қайта «Ашшы» десек қаумалап...

Келіп түрған істі кеүде онына,
Теріс оқыр ментек молда сорына.
Кім бар дейсін келешекті кен пішіп,
Құмалағың ұсталп жүрген қолына?!
Құмалақты қарсы дейді діндарлар
Құдіретті Құдаімдыш да жолына.

Мен де қызық айтайдын бір сіздерге:
Алла өзі ақ моншағын тізгенде –
«Қара қоидың қан-жыны мен боғын да
Қалдырмасстан, қажетіне жарат» деге,
Үйреткендеге көшіп жүрген түзде елге.
Құмалағы Әл келетін анамыз
Құдаімдан кем көрінбейтін біздерге.

Бұл не өзі?!

Өз алдына ілім бе?!

Салт-Әастүр ме суарылған білімге?!

Алла берген айрықша сый, кие ме,

Ашылатын жұмбағы бар тұбінде?!

Құмалактың құпиясын біле алмаң,

Құмар-ақ тым пенде біткен бүгінде.

Сығыр-тағдыр пенделерін сынау ма –

Қиялменен қол создырағ Құн-Айға.

Ділдә беріл, құмалакты аштырсан,

Діндарлардың көніліне ұнау ма?!.

...Қара кемпір,

Қайсысына сенеейін –

Құмалакқа,

Әлде жалғыз Құмдауға?!.

01.X.2003 ж., 08.III.2006 ж., Ақтаяу.



АРАҚ

«Шөліркеп шарап ішсөң, данамен іш,
Немесе гүл майысқан баламен іш.
Аздал іш,
Анда-санда тығылып іш,
Мас болмай, мылжың болмай, шамамен іш».

(Омар Һайям)

«...Кіріседі ағам жаңа күшпенен,
Жасардай қазір бір атақты ерлік.
Адольф Гитлер арақ ішпеген,
Ал содан қандай рахат көрдік?!

...Сөйлейді женгем;
«Түбінде сендер
Өз түбіне өзің жетесіңдер ғой.
Бір-екі күндей сімірмесеңдер,
Гитлер болып кетесіңдер ғой!».
(Жұматай Жақынбаев)

«...Содан кейін «әлгіні» аңысынбай,
Жұтып-жұтып жіберіп тұшы судай;
Вокзалдарда шығарып сап тұрады -
Бірін-бірі бір елдің басшысындай».

(Қадыр Мырзалиев)

«Ақ арақ,
араздасам сеніменен,
Айттысып көремісің меніменен?!».
(Жеткізген Сейітov)

«...Арақ, арақ,
Сені ішем,
Өкпелесем жарыма.

*Арақ, арақ,
Сені ішем
Біреу тисе арыма.
Басқаны алмай,
сени алам
Қолымдағы барыма...*

*...Түсің аппақ, мәлдірсің –
Ақымақты жұбатар.
Әттөн,
Бірақ көлгірсің –
Ақылдыны жыларатар».
(Айтуар Өтегенов)*

*«...Арақ, арақ,
Айналайын ақ арақ,
Ақ дәмімді нағылайын табалап?!
Жарықтықтар, жарты сағат бас қоссақ,
Жайық бойын кетеміз ғой жагалап.*

*Арагыңнан өзім бірақ таттаймын,
Ардың жібін өнді қашан аттаймын?!
Оразаға орта шөлмек ашатын
Омар һайям құсал неге жаттаймын?!».
(Мэлс Қосымбаев)*

*Талантын жерлең таҙ-далам,
Мәңгүртке қарап мәз ғалам.
Қара жер,
Сенің төсіңде
Қабір қалды ма қазбаған?!
Манғыстау,
Сен дөп түсіндім
Махаббатымды мағдаған.*

Ал айтшы,

маған көрсөтші,
Адырың бар ма азбаган?!
Шарбакқа шайтан үялап,
Қорымдарыңды қозғаган.
Әулекілерге тең болды
Әулие сынды әз-баған.
Әлдекімдерге жем болды
Жамырай қонған жаз-қалан.
Мен кімге енді еркелеп,
Кімге мен енді нағданам?!
«Жыландарыңды құртам» дег,
Жынданып кете жаздағам.
Үға түншығып өлүлі
Ұяты барлар аздаған.
Ақының, сірә, қалмапты
Арак туралы жазбаған.

Ішкенде ләйліп қиялы,
Ізгі сезімін тыяды.
Жолбарыс-ашуы оянса,
Жоқ, сірә, адам сияғы.
Жолында тұрған нәрсені
Жоқ қылышып, көзін жояды.
Бұркырап исі мүнкіген,
Бұтарлап, бұзмы ұяны.
Ішіне қайдан сыйсын ол,
Шөлмекке ғана сияды.
«Мұқағали өстіп ішкен» дег,
Мұрнында ашы қияры;
«Шемші мен Шеміл болам» дег,
Көмейге үды қүяды.
Монша-барларда моңыды
Могикандардың түяғы.

Шаралжаналарда шірімі
Шалдараптың асыл қияғы.

Ақындарыңды жыр өрген,
Аруларыңды нұр емген
Айналдыратын әп-сәтте
Албастыларға түнеген
Арақтың аты – жынды су,
Арысты матарап шідермен.
Шоқыңды көрген мүміндеү
Шошының көніл, үдерген.
Ұласа зәндем саясат,
Ұрлактар одан тірі өлген.
Ұлтанды елді қор қылып,
Ұлттарды жонып жіберген.

Арақ деген, бұл – аққан у,
Ар жағы – шайтан, от-қару.
Ібіліс езген іріндеү
Жер-дүниеде жок қару.
Далаада қалар мәніреп
Дәстүр тану мен салт тану.
Ағанындарды айырып,
Араզдық отын жакқан у.
Қанқу-өсекке қалдырып,
Қоракұрт болып шакқан у.
Талаң таланттың тағдырын
Талқан қып, жүгін артқан у.
Иман-нұрынан айырып,
Шіріміне тартқан у.

...Тәуір-ақ іштік арақты,
«Тәтті» уын бойға таратты.
Әржакаң кешпен құн батып,
Әрдү-дырдүмен тоң атты.

Жыымсифан жуас талаңды
«Жын» қылышп қайта жаратты.
Басын да жерге қаратты
Бәйтерек сыйнды Әдәрәкты.
Тамырды баýлап бөтөлке,
Талаңға болды абақты.
Айналғанды жанаңдан
Жас емес,
Кара қан ақты.

Ой, ішкен кеңде іріміз,
Түспейді ешкімге құніміз.
Әкірендеңдік әл бермей
Бірімізге біріміз.
Лупамен қара-ғандай бол
Ұлғайып көтер мініміз.
Түймәдең нәрсе – түйедең,
Төбелеспен бітті жырымыз.
Есерлік толы құніміз,
Есуастықлен өтті түніміз.
Ертесіне отырдық
Қағылғандай бол жынымыз;
Абыроў – қырыққан тоқтатыңай,
Артынан шықлаң үніміз:
Біреуге тиіл қолымыз,
Біреуге тиіл тіліміз.

Аузымда жалғыз Алла бол,
Кемпесем-дағы молда бол;
Ақылдың ақыр тоқтаттық
Омақасарда орға кеп.
Әкіртін ішкен өнег-су
Түсірді талаң төрға кеп.
Жын иектеді бойымды,
Жыға жазмадай жарға кеп.



Осыны қоюмын ақыры –
Он жемі жылдау қолда бол;
Он алты жаста ішкен ү
Отыз үшімде зорға дөп.

Ішкен күнді де көргем көп,
Ішлеңгенде де өлгем жок.
Айбын-данқымды асырып,
Абыроң-атак келген жок.
«Артық іштін, – дөп, – аракты»,
Баýрақ пен бәйге берген жок.
Отырғаным да шамалы
Орыным тұра төрден бол.
Шенбірек атып тоýғасын,
Шешен тілден де ештеңе өнген жок.
Көремнен шығып ішсем де,
Шыққан бір мүйіз көргем жок.

Айтқанынды ешкім үқласа,
Арағын езіп, үрттаса;
Адамнан не үміт, не қайыр –
Ақылға бәрін жықласа?!
Немәрттік жасап көзінше,
Нәпсінің жаýын құннтаса.
Парасат бұдан көрмәдім
Лаýдасы тиер жүртқа аса.
Мен білсем,
Мүйіз шықлаңды –
Меніреу бол қалар мықтаса;
«Масқара!» деген нән мүйіз
Маңдаңды жарып шықласа!..

16.III.2006 ж., Ақтау.

ҮШ ЖАҚЫН

Екі жұттыр ағам бар –
Елді амасстырган нағдандарап.
Ақылдаң, сірә, кембағал
Алды-артын ойлаң, бағамдарап.

Бірі – сақал, бірі – мұрт,
Бірі – макау, бірі – қырт.
Жүрттма қалған иесіз
Жұттыр шттей жүр ұлып.

Мансаптан өзге жоқ қайғы,
Мал-нәпсі қашан тоқтауды?!
«Абыз болам, – дег, – еліне»,
Аузына келгенде оттайды.

Танқы сұдаи қос шерменде,
Танымы таңыз, тар қеуде.
«Ұлтыма өке болам» дег,
Ұрығын шашқан әр жерге.

Данқ-дақырт деген – бір жорға,
Аяқ артса болды бір жолға;
Шалып жіберуден жүзі жанбас
Шал-кемпірді де бұл жолда.

Құмдайын ұмыттып түғаннан,
Құлыш-сұмдықлен шынғалған.
Атактын бәрін ап болған,
Қанағаттан тек құр қалған.

Тағы екі жұттыр інім бар –
Таңдаңы «қайқы», «білімдарап».

Мандаңы тайқы мәнжұбас,
Сәуелері жоқ бір ылғал.

Иранбақты аңсан мекені,
Шт болып үріп кетеді.
Жер бетіндегі ең соңғы
Ақындар сыңды екеуі.

«Тұмдерінен басқа неме жоқ,
Жайықта жүзген кеме жоқ».
Шолталақ қағып, шортияр,
Тәбеле шықса, төре бол.

«Сом теміріне – балға бар,
Сомсынған жанға – Алла бар»
Екенін ұқлаң екі қырт,
Екі ауыз жырын малданар.

«Мен! Мен!» дег төсін ұрады,
Төс сынса, несін ұрады?!».
Төстері сынса бұл екеу,
Халықтың бәрін қырады.

Есерді қалау «сау» деймін?!

«Егіздік мұнда бар» деймін.
Жұтырлар өзі қос-қостан
Жұлтасып жүреді-ау деймін.

Тағы екі «жынды» досым бар,
Жакынға оны қосындар.
Жан-дүниемізді түсініп,
Жарасқан көніл-кошым бар.

Қазактың о да баласы,
Қадірлі емес бағасы.

Қарапаўым жандар болса да,
Қаранғы емес санасы.

Қара да емес, хан емес,
Қатардан озған дара емес.
Тіліне тікен шыққанмен,
Дінінен шыққан жан емес.

Абыроўды ойланп қанша рет,
Ұятпен үйді қоршап ек.
Ойлаймын кеңде:
«Осыдан
Ағалар үлгі алса» деп.

Жіберген жоқызың біз есе,
Ағадан артық жүз есе;
Өнеге алып солардан,
Інілер бойын тұзесе.

Ар-ұятты азып, тоналған,
Адамдар аз ба жоғалған?!
Атағы дарданай айуандар
Алса екен үлгі солардан!

Нұқып көрсөттер нокайға,
Әркімге керек жеке айна.
Санасына Алла бермесе,
Сан айтсан да, одан не пайды?!

Елдігін сақтап ақынның,
Ерлігін жаттап батырдың;
Ортасында үш жақынның
Осылай жүріп жатырмың.

«Жұттырлар» қанша десем де,
Жұмбағын ойдын шешем бе?!
Қайтемін енді, көнемін –
Өз қолымды өзім кесем бе?!

Күйса егер Құдаң тың қүштер,
Құлдық-сананы түйгіштер.
«Тұмірдің өзі осымен
Қызық кой» дейді білгіштер.

Жақсы мен жаман алмасқан
Мәнгілік майдан жалғасқан.
Ғаламды қашан тағартар
«Ғағауат» деген алдаспан?!

19.III.2006 ж., Ақтау.



ҰСТІРТ

Паң-паң, шіркін!
Мынау қырдаң җатысын-аң шәниіп,
Етек-жен кең ерке ұлдаң далиып.
«Тауларменен таласамын» дейді ме,
Асқар шыңға қол соңа ма ақыық?!

Паң-паң, шіркін!
Жатысын-аң, жатысын!
Қамал сынды алдырмаңтын қапысын.
Азу тісін ақситады арландаң,
Тірі жанға жібермейтін ақысын.

Сол екен ғоў – өнегелі, өрелі,
Өсер елдің өз қүшіне сенері.
Қырдаң ұлы қияларға қол соғбай,
Аспан жаққа ұмтыларатын себебі.

Ең, балақай,
Бұл немуін, немуің?!
Кермиеді керзі қара етігін.
Осы қырда түғандықтан екен ғоў
Отманға да сөлем бермей кетуін.

Сіміртердең өміріктің кермегін,
Сініп еді еліңе қай өнбегің?
«Құба жонда құла мінген кім?» десем,
Қыржық мінең қыр баласы, сен бе едің?!

Кім айтып жүр «Қыр дегенің – інген» дег,
«Айыр өркеш ұсті-ұстіне мінген» дег?!

Қырда түған қырсық ұлдың бірі едім,
Қылтамды да қиғысы кеп жүрген көп.



Сеңіміңе ши жүгіртпіл секемді ой,
Сәл нәрсеге шатынауың бекер ғоý.
Қыр дегенді «байтақтық па» дөп жүрсем,
Арда мінезд асқақтық та екен ғоý.

Ат жаратта берер болсан, бәйгі көп,
Арман қыла берме, бала, Айды көп.
Мына қырдың жатысына қарасам,
Мың қыстаулы Манқыстауда қайғы жок.

Көленкедең көп жолдас пен дос құрсын,
Көнілінді Ҳактағала хош қылсын.
«Қыр дегенің – көндік қой» дөп тамсанған
Қырт өлеңнің бәрі – әшебін, бос былшыл.

Кеңгің келсе, кен Әаланы бір-ақ көр,
Жүлдымың болып жыныяды жырақ тәр.
Үстірт жайлы білгің келсе, балақай,
«Маната» мен «Бөрібастан» «құлап» көр!
Сынбау қалған қабыртқанды түгендер,
«Сынды» жақлен бағынды бір сынап көр!

Бұл дүниеде болу керек бір тендендік,
Сол тенденкті орнатам дөп жыр тәрдік.
Биіктік те, байтақтық та емес ол,
Үстірт деген – біле білсен, Үлкендендік!

22.XII.2007 ж., Ақтау.



ЭКСКУРСИЯ

(Көне керуен ізімен)

Шұбалған жол – шумак-шумак жіп сынды,
Айлара-тау – айырға артқан жүк сынды.
Көз ұшында көлбендеуді көп түне,
Тыран-сокпак төзімінді тықсырды.

«Жібек жолы» еткен мұнда» деседі,
Жүре берсен, жүлгелі ойың өседі.
Жазған басың жантәсілім еткелі
Жатқан жандай хикметті кешеді.
Құм астында құпиясың бүгіп қыр,
Құмыққан үн құлағынды кеседі.

Ұлықтасан, бабаларды ұлықта,
Елсу ишан қалдырған зор ғұрыпқа.
Берді ишан мен Бегей Сисен, Тұрағымбет,
Мұқан сұлы жаққа мойын бұрып та;
Бектүр, Тектүр, Қырықмылтық Көшербай
Ахундардың әруағы құрып па?!.
Барак пенен Асауларға бас иіп,
Бармақ шалдан батта алууды ұмытпа!

«Молактың» да ойы бұдан жырақ сәл,
«Ақши», «Тұрыш», «Ноғайтыға» бір ат шал.
«Білеулі» мен «Белдеуліге» кідіріп,
«Құшы»-мола құпиясина құлақ сал.

Арғымакты алты ай шапса ала алмас
Бытпылдық жол, айдын сорға сал алғаш.
Бербелтайлау төбе көрсен, тұра қап,
Беркінді олып, бөлекшелеу аманда.

«Донызтаяу» мен «Желтаяу» саған сүр айтып,
Алыс жолда адап жолдас бола алмас.

Тандыр-бұлттың тамбаң қалған сиясы,
Қашық бұдан қырандардың қиясы.
«Таң Ақланнның үйігі» мен «Ірімшікті ой» –
Мың ордалы жыландардың ұясы.

«Сам», «Сыңғырлау» шапқан саңын жакындар,
Қай жерге де қазық қақсан, жақын бар.
«Қосарқан» мен «Шакан-құмбық» қол созым,
Амантұрлы, Атақозы батырлар.

Құлак салсан, құміретке кешегі,
Тіл түгілі, тиегінді шешеді.
«Қаратүлең» қасқыр түгіл кеziңде
Жолбарыс та жортқан екен» деседі.

«Шиланды» мен «Жеңді» – бітпес ертегі,
«Қарабұлак-Ақшағылды» көр тегі.
«Манашының саңы» айтпаған жұмбакты
«Мансуалмас-Есем» саған шертеді.

Тұксиеәді түнерінкі қабағы,
Сасқан адам садақасын шалады.
Жем бойына жеткен халық жетісін,
Адасластан «Ақмешітін» табағы.

Есінде жоқ ескі заман елесін
Сеңген саңын сеңгің келе бересін.
Кен Жылдыңға жеткеніңше кеңеріп,
Кереметтің неше түрін көресін.

Беу, бабалар!
Сіз жаңылаған бұл әннен,

Біздер соны білмегік-ау құлдана.
Әкіялымнан сағ саумалап қобыз-жел,
Әңғарсыды, ызындауды құрғана.

Сүйк аспан сұсын төгіп, сұрланға,
Диірмен-күн дәңгеленіп, зыр қаға;
Бейнеу деген бетпак қырмын үстіндегі
Белгісіз бол қалып жатыр кіл мола.
«Сол моланың сырын ашам» дег күнде,
Жүрек тұсын жеміріп жеп құлғана;
Күндіз – жерге, тұнде – көкке үніліп,
Коныр қырда қой бағып жүр бір бала...

22.XII.2007 ж., Ақтау.



ТӘҮБЕ

Арда едім – адамзатқа бағынбаған,
Алақан жайыл, жанға жалынбаған.
Тілімді кесіп алар болса-дағы,
Тірлікте тірі жанға жағынбаған.
Азғантаң несібем мен нәпакамды
«Алланың бергені» дег қабылдаған.
Бұл күндө бұлағаймың бұлтың көшіл,
Секілді сезімдерім дамылдаған.
Жанымның жарқылдаған оттары өшіл,
Жанартау сөнгендең ме жалындаған?!
Семсерін қайса рлықтың сертке ұстаған
Жаутаңкөз жасқаншақтық тағы үрлаған.
Кешегі кесек түрар ірілік жок,
Орнында – өкпе-қатық қабындаған.
Басылышың қалғандаймың, бағым ауыл,
Басына түссе пенде, нағылмаған?!
Сүйкімсіз біреу болған сияқтымың –
Сүймеген, сүйсінбеген, сағынбаған.
Құдаій-ау, оты қайды отыз бестің,
Жігері жиырма бестің арындаған?!
Бозбала болыл, қүйіл-жанбағандай,
Жандаймың жауһар жүзік тағынбаған.
Санаңа сабыр нокта салады екен
Ақылды тоқтататың шағында адам.
Алладан аян келді ақша бұлт бол,
Деңгіндең: «Басындағы бағынды алам».
Қош енді, кормалы жұрт, қордалы елім,
Қаңыр, кош, қабір-далам, лағыл-қалам.
Алладан пәрмен келсе, қайсың барсың
Қазықтаң қара жерге қағылмаған?!

«Кор болар қорқасоқтап, жан аяған,
Жөн болар шаршы топта шағынбаған.
Өлермен өнбейтүфын істі қуар,
Жарымес Жаратқанға шабуылдаған.
Құ кеше, ақылмаққа айналады –
Құла дұз қуа берсе сағымды адам.
Қызыққа ешқашанда тоған емес
Қызылды-жасыл дүние-бағында адам.
Шырағым, шыдамменен құте білгін,
Шырағын қалса егерде жағылмаған.
Баңырқа, басы-байтак жүре бермей,
Малындау Манғыстаудың бағылмаған.
Қазылған секілденіп қабірнаман,
Жағылған сияқтанып «Бабырнаман»;
Несіне жетісесін, сақ-сақ құліп,
Сайтанның сапалағы – сағыр-балам?!
Тағыннан дұрыс болар – табан ауып,
Қағыннан жеріп, босқа қағынбаған».
Ден бүгін ақыл айтып, аян берді
Ақиқи Адам Ата, Абыл баbam.

О, Алла, осы ма еді көрсемлегін,
Томсаардың маған неге, мағұл-ғалам?!
Жүзімді құбылаға бұраңыншы,
Һарундау Ҳак бұйрығын қабылдаған –
Құрығанды айнала, жан-жағым да аман,
Тұрғанды басымдағы бағым да аман...

08.VI.2008 ж., Ақтау.

БІЗДІН АУЫЛДЫҢ «ТИПТЕРІ» («Портреттер» топтамасынан)

Біздің ауылдың «типтері» –
Биліктің бір-бір «күштері».
Заманға қараң күйлеген
Ұлыған өңшөң ипптері.

Сөзімнің зілдең мәні бар,
Сәуесі бар жаң, сол ұғар.
Біздің ауылдың «типтері»,
Өзінді содан танып ал:

Есуас Ердалы

Елді бүлдірген Ердалы,
Енді адам болмассың сен-дағы.
Ойнақтағың кәрі түнедең,
Ойлағтың шақта ел қамың.

Серік қыл Әүмшеге молданы,
Көрік қыл Әүнис-дорбаны;
Халқыңның қамын Қайтесің,
Қарның тоқ болса, болғаны.

Алпысстан жасың асқанды,
Шашыңды ақ қар басқанды –
Алақан жайып аспанға,
Зәрінді шашып жас талға;
Шіміріклең адал асттан да;
Қаймыққаң қарт пен жастан да;
Шыңырауға кемтің құлдарап,
Шығатың шақта асқарға.

Компартияны атапәдай,
Партибилетті папаңдау,
Ленинді бағандау,
Қрупскаяны анаңдау
Ардақтаған сен едін,
Жалбактаған сен едін.
Дан-саясаттың соңында
Далбақтаған сен едін.
Алланы танымас атепист,
Құмайды білмес коммунист,
Қүнің үшін қүйбендең,
Қалбақтаған сен едін.
Ең «белсенді» мұғалім
«Ел мактаған» сен едін.
Дарвиніңнен алып ең
Дәуіріне керегін.
Ұрлақтардың санасын
Ұлаған да сен едін.
«Дін – апиян, құрттың» дөп,
Зұлаған да сен едін.
Нағыл енді «діншіл» бол
Шыға келген себебін?!

Компартия құйреді,
Сүңегін шалдар сүйреді.
Елді сендең алаяқ
Екіжүзді биледі.

Ата ақылын тыңдамау,
Аға сөзін қолдамау;
Ақларлы елдің орнасын
Жырып аққан жылғадау
Дүбің бөлек дүңкілдең,
Кәрі бөксен бүлкілдең;

Зікірші бол зіркілдең
Шыға келдің, бұл қалау?!

Көрмәдікпен танысып,
Көркеудемен табысып;
Көрінгенмен алысып,
Көзтүрткі бол, жақ ісін;
Аярлармен бал ішіп,
Ақымақпен жарысып;
Адастырған ағымнан
Айрылмайсың жабысып.

Көленкедең көлеңдең,
Серенкедең серендең;
«Қөнбекеннің қолында
Көр де түр, тек өлем!» деп;
Желіктірген желбұаҙ
Жетесізге ерем деп;
Абыроудан айрылдың
«Алла жолын женөм» деп.
Сергелденге түсті-ау ел,
Сен диуанаға ерем деп.

Атандың атын малданып,
Арсыздарға алданып;
Моінны-басың былғақтап,
Құйрығынмен сырғақтап;
Аспанға қарап памданып,
Ашық құнде зарланып,
Не басына құн түдү,
Халқынды сонша қарғанып?!

Ата-бабада жоқ салтты,
Арнасыз, наған, бок салтты

Балдарға болып сінірмек,
Жас балаңдау жүгермек,
Штаршыдаң сүмендең,
Штабакадаң шүмендең;
Діңкеледің бейшара-аң,
«Діңді «түзеп» көрем» дәң.

Азғындықты таңдасан,
Мәжгүндіктен таңбасан;
Алқа-қотан жын шашқан
Арсыз топтан қалмасан;
Жаңа өспірім жастарды
Жаһил жолмен арбасан;
Ақ пен қара арасын
Айыра сен алмасан;
Халқына болып әйкәпір,
Хас нағандықты қамдасан;
Жамағатпен жау болып,
Жан-жағынды жауласан –
Жарық дүниеде күйің жоқ,
Жаратқаннан сыйын жоқ,
Арылмассын, антырған,
Алла алдына бармасан.

«Баба әрүағы атласа,
Бала үмітті ақтаса;
Ертеңгі күн қауымнан
Молам бөлек жатласа», –
деп, Ереке, толғасан,
Обал-саудатты ойласан;
Пакыр тірлік кешем деп,
Парасаттан құр қалмасан;
Ақиреттен қорықлас
Ар-имансыз болмасан –

Азғантаң ғана уақыттың бар,
Серпілесің сен қашан?!.

25, 27.IV.2009 ж., Ақтау.

Мырық Мырза

Әүелі бір ауылға әкім болды,
Артынан алжығанда ақын болды.
«Билікке қарсы шабам қасқая» деге,
Біреудің айтактауымен «батыр» болды.
Інілерін көзге мақтап, көрінеу дамтап,
Ерекек басымен екі сөйлеп, қатын болды.
Соңынан соры қайнал, артын жалап,
Ақыры сол билікке жақын болды.

Екі үткө еріп біраЗ ұланаңдағы,
Артынан аузы қүшіп, жаманадағы.
Ұйлыққан үнгіріне үш бас сүфып,
Екі үттен еш барқадар таба алмағы.

«Қайтсөң де жаһық Әдеген қайманаға
Жарасадағы» деге жарымес ойланна ма?!

Аузынан арақ исі сасып жүріп,
«Алла» деге ақыл айтты айналаға.

Алла жолдан жаһылтып, құпір шалды,
Алқа-қотан отырып, зікір салды.
Шолан ата, Пір Бекет, Қараман ата –
Зікірші ғып шығарды мүқым шалды.

«Дің жолында жүрмін» деге діңкілдеді,
Көңірсіп, көрле астында құңқілдеді.

Бет сипауға жаромай өлі әрүаққа,
Беү, бейбак, құтеді екен бір күн нені?!

«Діңдарың» темекісін сораптаймы,
Шеніне шешендерді жолатпаїмы.
Ағызып аңғал жастың адал миын,
Көкбеттіктен көзіне жан қаратпаїмы.

Кім не айтса, басын оңға-солға пакыр,
Жыландаң жиырылып жолда жатыр.
Құран мен суннадан да хабары жок,
«Аңқау елге – арамза молда» пакыр.

Араны «ақша, ақша» дег жалактаїмы,
Баланы жана түған балактаїмы.
Тарысы піскен жерге тауық болып,
Насырын жерге төгіп, ар аттаїмы.

Өзіндік пікірі жок, мырық Мырза,
Өзегіне құрт түскен шірік Мырза.
Биліктен де бес тыын бедел таппой,
Айналғанда ауызы жырық Мырза.

Жұтырды жұрт та мәлім қолдамасы,
Сорлыға берген жұрттың сол бағасы:
Сабаудаң сақал-мұрты болса-дағы,
Қолында қүші бардың қолбаласы.

Қараши ар-иманды алға ұстауын,
Жасырып орақ пенен балға ұстауын!
Осындаң мырықтар мен шіріктеге
Кор болған, қайран менің Манғыстауым!

25, 27.IV.2009 ж., Ақтау.



Жарбай Жамандық

Жалбандаған Жамандық,
Жасаітыны – арамдық.
Жаратты екен әуелде
Алла неге адам ғыл?!?

Достары болды Әүшпандаң,
Әүшпаны болды мыстапандаң.
Ірілігі пілдең болғанмен,
Тірлігі жоқ тышқандаң.
Боңында Әүлең күш бардаң,
Жырттынар жыны қысқандаң.
Едірен-едірен етеді,
Елдің сөзін ұстардаң.

Едірен-едірен етеді,
Едіренбаң неге жетеді?!
Есерлігін қоймаса,
Есаландағынын жоймаса,
Елдің қарғысын арқалап;
Екіұдаң болып шартарал,
Еш опасы жоқ дүниеден
Есін жимастан өтеді.

Бербелтаң-бедел берік қыл,
Көн сүйрептесін көрік қыл;
Келеке қыллып на маңды,
Кемді-куң жүрді серік қыл.

«Оқыл жүріп на маңын,
Үзбей ішті сабаңын».
Ара-арасында шатлақтар,
Ала сап қалам-қағаңын.

«Діндар» бол, елді бір алдаң,
Ділмарсып, жарбан «жыр» арнаң;
Тістелеп, тілін бе зеген,
Тірі өлік, құңсыз құр аруақ.

Көк тиын оған Отаны,
К..іне қыстырымас батаны.
Шалдардың атын саудаға
Салумен шыққан атағы.

Манғыстауға кеп, масаиды,
Аузымен ғүйді асаиды.
Түрікпеннен келген тәмен им,
Дәстүрі, дәбі бөлек им.
Есерге ерген есалан,
Елді адастыруға шебер им,
Ұясында не көрсө,
Ұлтына соны жасайды.

Үлкен сүйсінбес ісіне,
Үлгісі де жоқ кішіге.
Се зімнен жүрдай қу толас,
Сенген тек қара қүшіне.
Осыраң қағып, ордандар
Ойлы сөз айтқан кісіге.
Кемақыл болып кетеді-ау,
Өмірден бекер өтеді-ау
Түгін де білмей, алмастан
Түбіндеге ештене түсіне.

Паңымға Құдай саранғып,
Пакырана болған Жамандық.
Түсіне кіріп түріміз,
Тісіне талаң таландық.

Қашанғы оған көнөйік,
Жаралқасын адам ғыл?!
Тірлікте талаң тіресін,
Құніміз өтөр қүресін.
Саламат, есен-сау тұрсақ,
Аллаҗан беріп амандық.
Торға тұспеүін деп тоқырап,
Тобыр-санага тоналдық.
Алдыңының бәрін аран ғыл,
Қаранғылышқа қамалдық.
Қазақта сені кім жеңді,
Қаранғы, соқыр Надандық?!

25,27.IV.2009 ж., Ақтау.

(Жалғасы бар)



БІРЕНГЕ

Жаралдың мұнша неге дедүана бол?!

Жалғанды жағызың басқан сенғана бол;

Мактанды: «Менің жағызың ұлым бар, ал, —
дедің-ау, — мына сенде ер бала жоқ».

Бейшара, бері қара, міскін бала,
Торына ібілістің тұстің, бала.

Азғырған ақ шайтанның арбауында
Жазғырған жаман ойды құштың, бала!

Артылған мойыннында Ар қамыты,
Ақынның сендең емес, алда үміті.
Аманат қылыш берген, сенікі емес,
Бала, ол — біле білсөн, Алланікі.

Жақсының жатар мәңгі тарап аты,
Жабыспас жамандардың балағаты.
«Алланың бергеніне мың шүкір!» дег,
Айтылар ала таннан қанағаты.
